

*ISSN 1727-060X (Print)*

*ISSN 2664-3162 (Online)*

*2002 жылдың қазан айынан бастап екі айда бір рет шығады*

*Ekim 2002'den itibaren iki ayda bir yayımlanır*



# TÚRKOLOGIA TÜRKOLOJİ

**№ 3 (101), 2020  
Мамыр-маусым / Mayıs-Haziran**

Журнал ҚР Инвестициялар және даму министрлігі  
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің мерзімді баспасөз басылымы  
және ақпараттық агенттігіндегі тіркелген.  
Куәлік № 55-97-Ж 18.П.2005 ж.

Dergi, Kazakistan Cumhuriyeti Yatırımlar ve Kalkınma Bakanlığı İletişim, Enformasyon  
ve Bilgi Komitesi'nin süreli yayın ve haber ajansında  
55-97-J 18.02.2005 numaraya kayıtlıdır.

**Túrkistan/Türkistan  
2020**

*ISSN 1727-060X (Print)*

*ISSN 2664-3162 (Online)*

*Выпускается с октября 2002 года один раз в два месяца*

*Issued every two months since October 2002*



# ТЮРКОЛОГИЯ

# TURCOLOGY

**№ 3 (101), 2020**  
**Май-июнь / May-June**

Журнал зарегистрирован Комитетом связи, информатизации и информации  
Министерства по инвестициям и развитию РК свидетельство о постановке на учет  
периодического печатного издания и информационного агентства  
№ 5597-Ж 18. II. 2005 г.

The journal is registered in the periodical and news agency of the Information and  
Communication Committee of the Ministry of Investment and Development of the RK  
with No:5597-Zh 18.II.2005.

**Түркестан/Turkestan**  
**2020**

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ**  
**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**

**БАС РЕДАКТОР**  
*доктор, профессор Женгиз Томар*

**БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ**  
*док., проф. Бекир Шишиман, ф.з.к. Нұрлан Мансуров*

**ЖАУАПТЫ ХАТШЫ**  
*Жұпар Таңауова*

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ**

Йылдыз Мұса  
Абдрасилов Болатбек  
Челик Юксел  
Беркимбаев Камалбек  
Қожаоғлы Тимур  
Екер Суер  
Билгин Азми  
Девели Хаяти

- док., проф. (Гази университеті, Анкара)
- б.ғ.д., проф. (А. Ясауи университеті, Түркістан)
- док., проф. (А. Ясауи университеті, Түркістан)
- п.ғ.д., проф. (А. Ясауи университеті, Түркістан)
- док., проф. (Мичиган университеті, Мичиган)
- док., проф. (Башкент университеті, Анкара)
- док., проф. (Стамбул университеті, Стамбул)
- док., проф. (Стамбул университеті, Стамбул)

Абуов Әмірекүл  
Садыков Ташполот  
  
Бутанаев Виктор  
Егоров Николай  
Ергөбек Құлбек  
Идельбаев Мирас  
Илларионов Василий

Миннегулов Хатип  
Муминов Әшірбек  
Жураев Маматкул  
Сейхан Гүлшен  
Дениз Себахат  
М. Фатих Анды

Кенжетаев Досай  
Тұрсын Хазіретәлі  
Пилтен Пусат  
Қошанова Нагима  
Әбжет Бақыт  
Әуелбеков Ержан  
Алашбаев Ерлан  
Жиенбаев Ерлан  
Құдасов Сейсенбай

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС**

- филос.ғ.д., проф. (А. Ясауи университеті, Түркістан)
- ф.ғ.д., проф. (Бішкек гуманитарлық университеті, Бішкек)
- т.ғ.д., проф. (Хакасия мем. университеті, Абакан)
- ф.ғ.д., проф. (Тіл білімі институты, Чебоксары)
- ф.ғ.д., проф. (А. Ясауи университеті, Түркістан)
- ф.ғ.д., проф. (Башқұрт мемлекеттік университеті, Уфа)
- ф.ғ.д., проф. (Солтүстік-шығыс федеральді университеті, Якутск)
- ф.ғ.д., проф. (Казан федеральді университеті, Қазан)
- т.ғ.д., проф. (Еуразия Үлттық университеті, Астана)
- ф.ғ.д., проф. (Тіл және әдебиет институты, Ташкент)
- док., проф. (Мармарса университеті, Стамбул)
- док., проф. (Мармарса университеті, Стамбул)
- док., проф. (Фатих Сұлтан Мехмет университеті, Стамбул)
- филос.ғ.д., проф. (А. Ясауи университеті, Түркістан)
- т.ғ.д., проф. (А. Ясауи университеті, Түркістан)
- док., доц. (А. Ясауи университеті, Түркістан)
- ф.ғ.к., доц. (А. Ясауи университеті, Түркістан)
- ф.ғ.к., доц. (А. Ясауи университеті, Түркістан)
- п.ғ.к., доц. (А. Ясауи университеті, Түркістан)
- PhD (А. Ясауи университеті, Түркістан)
- PhD (А. Ясауи университеті, Түркістан)
- (Silk Way Халықаралық университеті, Шымкент)

**SAHİBİ**  
**Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi**

**EDİTÖR**

*Prof. Dr. Cengiz Tomar*

**EDİTÖR YARDIMCILARI**

*Prof. Dr. Bekir Şişman, Dr. Nurlan Mansurov*

**SEKRETER**

*Jupar Tanauova*

**DANIŞMA KURULU**

Musa Yıldız  
Bolatbek Abdrasilov  
Yüksel Çelik  
Kamalbek Berkimbayev  
Timur Kocaoglu  
Suer Eker  
Azmi Bilgin  
Hayati Develi

- Prof. Dr. (Gazi Üniversitesi, Ankara)
- Prof. Dr. (A.Yesevi Üniversitesi, Türkistan)
- Prof. Dr. (A.Yesevi Üniversitesi, Türkistan)
- Prof. Dr. (A.Yesevi Üniversitesi, Türkistan)
- Prof. Dr. (Michigan Üniversitesi, Michigan)
- Prof. Dr. (Başkent Üniversitesi, Ankara)
- Prof. Dr. (İstanbul Üniversitesi, İstanbul)
- Prof. Dr. (İstanbul Üniversitesi, İstanbul)

**YAYIN KURULU**

Amrekul Abuov  
Taşpolot Sadikov  
Viktor Butanayev  
Nikolay Egorov  
Kulbek Ergöbek  
Miras İdelbayev  
Vasilii İllariyev  
Hatip Minnegulov  
Aşırbek Muminov  
Mamatkul Jurayev  
Gülşen Seyhan  
Sebahat Deniz  
M. Fatih Andı  
Dosay Kenjetayev  
Hazretali Tursun  
Pusat Pilten  
Bakıt Abjet  
Nagima Koşanova  
Erjan Auelbekov  
Erlan Alaşbayev  
Erlan Jiyenbayev  
Seysenbay Kudasov

- Prof. Dr. (A.Yesevi Üniversitesi, Türkistan)
- Prof. Dr. (Bışkek Sosyal Bilimler Üniversitesi, Bışkek)
- Prof. Dr. (Hakas Devlet Üniversitesi, Abakan)
- Prof. Dr. (Dilbilimi Enstitüsü, Çeboksarı)
- Prof. Dr. (A.Yesevi Üniversitesi, Türkistan)
- Prof. Dr. (Başkurt Devlet Üniversitesi, Ufa)
- Prof. Dr. (Kuzeydoğu Federal Üniversitesi, Yakutsk)
- Prof. Dr. (Kazan Federal Üniversitesi, Kazan)
- Prof. Dr. (Avrasya Milli Üniversitesi, Astana)
- Prof. Dr. (Dil ve Edebiyat Enstitüsü, Taşkent)
- Prof. Dr. (Marmara Üniversitesi, İstanbul)
- Prof. Dr. (Marmara Üniversitesi, İstanbul)
- Prof. Dr. (Fatih Sultan Mehmet Üniversitesi, İstanbul)
- Prof. Dr. (A.Yesevi Üniversitesi, Türkistan)
- Prof. Dr. (A.Yesevi Üniversitesi, Türkistan)
- Doç. Dr. (A.Yesevi Üniversitesi, Türkistan)
- Doç. Dr. (A.Yesevi Üniversitesi, Türkistan)
- Doç. Dr. (A.Yesevi Üniversitesi, Türkistan)
- Doç. Dr. (A.Yesevi Üniversitesi, Türkistan)
- Dr. (A.Yesevi Üniversitesi, Türkistan)
- Dr. (A.Yesevi Üniversitesi, Türkistan)
- (Silk Way Uluslararası Üniversitesi, Çimkent)

**OWNER**  
**Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University**

**EDITOR-IN-CHIEF**  
*Prof. Cengiz Tomar*

**ASSOCIATED EDITOR**  
*Prof. Bekir Sisman, Dr. Nurlan Mansurov*

**EXECUTIVE SECRETARY**  
*Zhupar Tanauova*

**ADVISORY BOARD**

- |                      |  |
|----------------------|--|
| Musa Yıldız          | – Prof. (Gazi University, Ankara)          |
| Bolatbek Abdrasilov  | – Prof. (A. Yassawi University, Turkestan) |
| Yüksel Çelik         | – Prof. (A. Yassawi University, Turkestan) |
| Kamalbek Berkimbayev | – Prof. (A. Yassawi University, Turkestan) |
| Timur Kozhaoglu      | – Prof. (Michigan University, Michigan)    |
| Suer Eker            | – Prof. (Başkent University, Ankara)       |
| Azmi Bilgin          | – Prof. (İstanbul University, İstanbul)    |
| Hayati Develi        | – Prof. (İstanbul University, İstanbul)    |

**EDITORIAL BOARD**

- |                     |  |
|---------------------|--|
| Amrekul Abuov       | – Prof. (A. Yassawi University, Turkestan)               |
| Tashpolot Sadykov   | – Prof. (Bishkek Humanitarian University, Bishkek)       |
| Viktor Butanayev    | – Prof. (Khakassia State University, Abakan)             |
| Nikolay Egorov      | – Prof. (Institute of Linguistics, Cheboksary)           |
| Kulbek Ergobek      | – Prof. (A. Yassawi University, Turkestan)               |
| Miras Idelbayev     | – Prof. (Bashkir State University, Ufa)                  |
| Vasiliy Illariyonov | – Prof. (North-Eastern Federal University, Yakutsk)      |
| Hatip Minnegulov    | – Prof. (Kazan Federal University, Kazan)                |
| Ashirbek Muminov    | – Prof. (Eurasia National University, Astana)            |
| Mamatkul Zhurayev   | – Prof. (Institute of Language and Literature, Tashkent) |
| Gulshen Seyhan      | – Prof. (Marmara University, İstanbul)                   |
| Sebahat Deniz       | – Prof. (Marmara University, İstanbul)                   |
| M. Fatih Andı       | – Prof. (Fatih Sultan Mehmet University, İstanbul)       |
| Dosay Kenzhetayev   | – Prof. (A. Yassawi University, Turkestan)               |
| Hazretali Tursun    | – Prof. (A. Yassawi University, Turkestan)               |
| Pusat Pilten        | – Assoc. prof. (A. Yassawi University, Turkestan)        |
| Baky Abzhet         | – Assoc. prof. (A. Yassawi University, Turkestan)        |
| Nagima Koshanova    | – Assoc. prof. (A. Yassawi University, Turkestan)        |
| Erzhan Auelbekov    | – Assoc. prof. (A. Yassawi University, Turkestan)        |
| Erlan Alashbayev    | – Dr. (A. Yassawi University, Turkestan)                 |
| Yerlan Zhienbayev   | – Dr. (A. Yassawi University, Turkestan)                 |
| Seysenbay Kudasov   | – (Silk Way International University, Shymkent)          |

**УЧРЕДИТЕЛЬ**  
*Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Ясави*

**ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР**  
*доктор, профессор Женгиз Томар*

**ЗАМЕСТИТЕЛЬ ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА**  
*док., проф. Бекир Шишиман, к.ф.н. Нурлан Мансуров*

**ОТВЕТСТВЕННЫЙ СЕКРЕТАРЬ**  
*Жупар Танауова*

**РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

Муса Йылдыз  
Болатбек Абрасилов  
Юксел Челик  
Камалбек Беркимбаев  
Тимур Кожаоглы  
Суер Екер  
Азми Билгин  
Хаяти Девели

- док., проф. (Университет Гази, Анкара)
- д.б.н., проф. (Университет им. А.Ясави, Туркестан)
- док., проф. (Университет им. А.Ясави, Туркестан)
- д.п.н., проф. (Университет им. А.Ясави, Туркестан)
- док., проф. (Университет Мичигана, Мичиган)
- док., проф. (Университет Башкент, Анкара)
- док., проф. (Стамбульский университет, Стамбул)
- док., проф. (Стамбульский университет, Стамбул)

**РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ**

Амрекул Абуов  
Ташполот Садыков

- д.филос.н., проф. (Университет им. А.Ясави, Туркестан)
- д.ф.н., проф. (Бишкекский гуманитарный университет, Бишкек)

Виктор Бутанаев

- д.и.н., проф. (Государственный университет Хакасии, Абакан)

Николай Егоров  
Кулбек Ергобек  
Миран Аидельбаев

- д.ф.н., проф. (Институт языкоznания, Чебоксары)
- д.ф.н., проф. (Университет им. А.Ясави, Туркестан)
- д.ф.н., проф. (Башкирский государственный университет, Уфа)

Василий Илларионов

- д.ф.н., проф. (Северо-восточный федеральный университет, Якутск)

Хатип Миннегулов  
Аширбек Муминов

- д.ф.н., проф. (Казанский федеральный университет, Казань)
- д.и.н., проф. (Евразийский национальный университет, Астана)

Маматкул Жураев  
Гулшен Сейхан

- д.ф.н., проф. (Институт языка и литературы, Ташкент)
- док., проф. (Университет Мармара, Стамбул)

Себахат Дениз  
М. Фатих Анды

- док., проф. (Университет Мармара, Стамбул)
- док., проф. (Университет Фатих Султан Мехмета, Стамбул)

Досай Кенжетаев  
Хазретали Турсун

- д.филос.н., проф. (Университет им. А.Ясави, Туркестан)
- д.и.н. (Университет им. А.Ясави, Туркестан)

Пусат Пилтен

- док., доц. (Университет им. А.Ясави, Туркестан)

Бакыт Абжет

- к.ф.н., доц. (Университет им. А.Ясави, Туркестан)

Нагима Кошанова

- к.ф.н., доц. (Университет им. А.Ясави, Туркестан)

Ержан Ауелбеков

- к.п.н., доц. (Университет им. А.Ясави, Туркестан)

Ерлан Алашбаев

- PhD (Университет им. А.Ясави, Туркестан)

Ерлан Жиенбаев

- PhD (Университет им. А.Ясави, Туркестан)

Сейсенбай Кудасов

- (Международный университет Silk Way, Шымкент)

## **Құрметті оқырман!**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Түркология ғылыми-зерттеу институтынан шығатын «Түркология» журналының 2020 жылғы №3 (101) санын назарларыңызға ұсынып отырмыз. Журналдың бұл санына Түркия, Қазақстан, Иран және Ирактан – барлығы сегіз мақала енді. Мақалаларда тіл тарихы және құрылымы, әдебиет және фольклор, этномәдениет және ұлттық таным, тарих және этнография салаларына қатысты зерттеулер қарастырылған.

«Тіл тарихы және құрылымы» айдарындағы З. Жандарбектің «Қарнак атауына қатысты жана деректер» мақаласында Қарнак, Шобанак және Түркістан сияқты т.б. көне қала, елді мекен атаулары Кавказдағы түркілдерде де кездесетіні, олардың арасында мағыналық сабактастық барлығы және жалпы түркінің ортақ тарихымен тікелей байланысы сараланады. С. Демирбileкке тиесілі «Нажжул Фарадисте Хазіреті Жұсіп Қыссасы» тақырыбындағы мақалада Хорезм түрік дәүірі тұсында жазылған «Нажжул Фарадис» шығармасының бір бөлімі «Қысса-и Юсуф» (Жұсіп пайғамбар қыссасы) туралы зерттеулерге ғылыми талдау жасалған. Сонымен қатар, бұл бөлімдегі С. Өзтүріктің мақаласында түрікше жабық/қысан ғ (é) дауысты дыбысы және Фазлуллах Хан Լұғаты/ Լұғат-и Турки деген атпен белгілі парсыша-шағатайша сөздігіндегі ұлғісі қарастырылған. «Әдебиеттану және фольклор» айдарындағы «С. Желдербаева поэзиясындағы ұлттық дәстүр жалғастығы» атты мақаласында Р. Есбалаева танымал ақын С. Желдербаевың өлеңдеріндегі қазақ халқының рухы мен болмысының бейнеленуі туралы тақырыптарға талдау жасайды. Осы бөлімде Н.Я. Баятлының «Дияла аймағы Ханекин ауданы түрікмен фольклорындағы жылан бейнесі» атты мақаласы Ирак түрікмендерінің елді мекендерінің бірі Дияла аймағы Ханекин ауданындағы халықтық сенімдер, ертегілер, аңыздар, естеліктер, мақал-мәтелдер мен тұрақты сөз тіркестеріндегі жылан бейнесіне қатысты деректерді қарастырады. Ал, осы айдардағы «Халықтық мәдениеттегі не нәрсе және не себептен өзгереді?» деп аталатын мақаласында Θ. Сарач уақыт пен орынға байланысты көші-қон, жаһандану, индустрящандыру, кенттену және технологиялық даму сияқты факторлардың халық мәдениетіне қанышалықты әсер ететініне назар аудартады. «Әтномәдениет және ұлттық таным» бөлімінде М. Ыылдырым «Ковид-19 контекстіндегі мәдени тәжірибе және індепті аурулардың қатынастары» мақаласында халық мәдениеті мен індепті аурулары арасындағы байланыстар және эпидемияның қебеюіне мәдени практиканың әсері, осыған байланысты қабылданатын алдын ала сақтық шараларына тоқталады. «Тарих және этнография» бөліміндегі X. Тұрсұнның «Тұрар Рыскұловтың Германия эпопеясы» мақаласы 1920–30 жылдары қазақтың ұлттық саяси зияллылары арасындағы танымал саяси тұлға Т. Рыскұловтың 1923 жылы Германияға жасаған сапарын деректік негізде талдауға арналған.

Журналымыздың 2020 жылғы №102 шығарылымын Көктүрік қағаны «Білге Тонықөк» ескерткішіне 1300 жыл толуына, №103 санын Ұлы Абайдың 175 жылдығына және №104 санын «екінші ұстаз» атанған әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай арнайы шығару жоспарлануда. Түркі халықтарының тарихы, тілі, әдебиеті, фольклоры, өнері, философиясына қатысты зерттеулер «Түркология» журналының салмағын арттырып, түркологияның дамуына өз үлестерін қосады дей отырып, мақала авторларына алғысымызды білдіреміз.

## **Editörden**

Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi'nin Türk Dünyasına hitap eden en önemli kurumsal araçlarından biri olan Türkoloji Dergisi'nin 101. Sayısıyla yeniden karşınızdayız. Bu sayıda Türkiye'den üç, Kazakistan'dan üç, İran ve Irak'tan birer olmak üzere toplam sekiz bilimsel makale yer almaktadır. Bu makalelerden iki adedi Dil Tarihi ve Yapısı alanında, üç adedi Edebiyat ve Folklor alanında, bir adedi Etnokültür ve Milli Biliş alanında, iki adedi ise Tarih ve Etnografya alanında yayınlanmıştır.

Dergimizin "Dil Tarihi ve Yapısı" bölümünde yer alan makalelerden Z. Zhandarbek'in "Karnak Adı Hakkında Yeni Bilgiler" başlıklı makalesinde Karnak, Shobanak ve Türkistan yakınlarındaki pek çok yerin Kafkasya bölgesiyle ilişkilendirildiği görülmektedir. S. Demirbilek'e ait olan "Nehcü'l Ferâdîs'te Hz. Yusuf Kıssası" başlıklı çalışmada Harezm Türkçesi dönemine ait olan Nehcü'l-Ferâdîs adlı eserin içerisinde bir bölüm olarak yer alan Kıssa-i Yusuf tanıtılmaktadır. Bu bölümde yazan S. Öztürk'ün makalesinde ise Türkçedeki kapalı e (é) ünlü meselesi ve bu meselenin Fazlullah Han Lügati olarak bilinen Farsça-Çağatayca sözlükte ele alınmış biçimde değerlendirilmiştir. Edebiyat ve Folklor alanında ise R.Zh. Yesbalayeva "S. Zhelderbayeva'nın Şiirinde Milli Geleneklerin Devami" adlı makalesinde Kazakhstan'nın çağdaş şairi S. Zhelderbayeva'nın şiirlerinde Kazak halkın ruhunu ve özünü ne denli yansittığı konusu üzerinde durulmuştur. Yine bu bölümde N. Y. Bayatlı "Diyale İli Hanekin İlçesi Türkmen Folklorunda Yılan" başlıklı makalesinde Irak Türkmenlerinin yaşadığı yerleşim yerlerinden biri olan Diyale iline bağlı Hanekin ilçesi Türkmenlerinde yılan içerikli halk inançları, masal, efsane, memorat, atasözü ve deyimleri ele almıştır. Aynı bölümde yazan Ö. Sarac ise "Halk Kültüründe Ne, Neden Değisir" başlıklı makalesinde halk kültürü ürünlerinin zamana ve mekâna bağlı olarak göç, küreselleşme, sanayileşme, kentleşme, teknolojik gelişmeler gibi etkenlerden ne derece etkilendiği üzerinde durmaktadır. Etnokültür ve Milli Biliş bölümünde makalesi yer alan M. Yıldırım, "Kültürel Pratikler ve Salgın İlişkisi Bağlamında Covid-19" başlıklı güncel çalışmasında, halk kültürü ile salgın hastalıklar arasındaki ilişkiler ve kültürel pratiklerin salgının artmasındaki etkisi ile bu konuda alınması gereken tedbirler üzerinde durmuştur. Tarih ve Etnografya Bölümünde yazan H. Tursun, "Turar Rıskulov'un Almanya Epik Destanı" başlıklı makalesinde 1920-30'lu yıllarda Kazak milli siyasi aydınlarından Kabul edilen T. Rıskulov'un 1923 yılında Almanya'ya yaptığı sefer ele alınmaktadır.

2020 yılı içerisinde yayınlanacak olan 102. Sayımızı, dikilişinin 1300. Yıldönümün nedeniyle "Bilge Tonyukuk"; 103. Sayımızı, doğumunun 175. yıldönümü nedeniyle "Abay" ve 104. sayımızı da yine doğumunun 1150. yıldönümü münasebetiyle "El-Farabi" Özel Sayıları olarak yayımlamayı planlıyoruz. Yeni ve özel sayılarımız için özellikle tematik çalışmalarınızı bekliyoruz. Dergimize katkı sunan herkese teşekkür ediyoruz.

---

---

**ТІЛ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ / DİL TARİHİ VE YAPISI**  
**HISTORY AND STRUCTURE OF LANGUAGE / ИСТОРИЯ И СТРУКТУРА**  
**ЯЗЫКА**

---

**ӘОЖ 930**

**FTAMP 03.01**

### **3.3. Жандарбек**

т.ғ.к., Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Түркістан, Қазақстан ([zikiriya.zhandarbek@ayu.edu.kz](mailto:zikiriya.zhandarbek@ayu.edu.kz))

#### **Қарнақ атауына қатысты жаңа деректер**

##### **Аңдатпа**

Бұл мақала әлі жалпы ғылыми ортада белгілі бола қоймаған Кавказдағы карачай халқының тарихын баяндайтын «Карча жылнамасы» атты тарихи шығармадағы деректерге сүйене отырып, Кавказдағы түркілердің бар түркінің киелі мекені Түркістанмен арасындағы байланысты нақтылап көрсетуге арналған. Келтірілген деректер Түркістан маңындағы Қарнақ, Шобанақ сияқты көне қала мен елді мекендер атаулары Кавказдағы түркілерде де кездесетінін және олардың арасында мағыналық сабактастық барлығын және жалпы түркінің ортақ тарихымен тікелей байланысты екендігін нақтылауга бағытталған. Сонымен бірге, Түркістан жерінің киелі аталу себептері, тәнірлік дін мен ол діннің пайғамбары Оғыз қаган туралы мәселелер қарастырылған.

**Кілт сөздер:** Карча жылнамасы, Түркістан, тәнірлі дін, Оғыз қаган, көне қала.

#### **Z.Z. Zhandarbek**

Candidate of Historical Sciences, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan ([zikiriya.zhandarbek@ayu.edu.kz](mailto:zikiriya.zhandarbek@ayu.edu.kz))

#### **New Information on the Name of Karnak**

##### **Abstract**

This article is based on the historical work *Chronicle of Karcha*, tells the story of the Karachay people in the Caucasus, which is not yet known to the general scientific community. Karnak, Shobanak and others near Turkestan. The names of ancient cities and settlements are also found in the Turks of the Caucasus, and there is a semantic continuity between them and is directly related to the common history of the Turks in general. In addition, the reasons for the sacred name of the land of Turkestan and the question of the divine religion and the prophet of that religion Oguz Kagan will be considered.

**Key words:** Karcha annals, Turkestan, divine religion, Oguz kagan, ancient city.

Түркістанның әлі халық та, зерттеушілер біле бермейтін ішіне бүгіп жатқан тарихы жетерлік. Солардың бірі Түркістан маңындағы көне қалалар мен елді мекендердің атаулары екендігіне ешкім дау тудыра алмаса керек. Мысалы, Қарнақ, Шорнак, Сығанак, Ташанақ, Шобанақ деген көне қалалар мен елді мекен атаулары көп құпияны

астына бүгіп жатқандығына мән бере бермейміз. Былай қарасаң Қарнақ сөзі, осы сияқты «нақ» жүрнақты жер атауларының қазіргі түркі тілдерінде ешқандай мағынасы жоқ сияқты болып көрінеді. Алайда, бұл жер атауларына байыппен, ғылыми тұрғыдан талдау жасайтын болсақ, онда сөз құрамында «нақ» жүрнағы бар жер атауларының белгілі мағынаға ие екендігіне көз жеткіземіз. Ол үшін алдымен көне түркілік шежірелік дерек көздеріне жүгініп, солардағы деректерге талдау жасағанымыз абзal. Сонда ғана біз жоғарыда қойылған сұрақтарға жауап бере аламыз. Біздің қолымызға ондай дереккөзі 2012–2013 жылдары Қазан қаласына барған іс-сапарымызда кезіктірдік. Қолымызға кішкентай ғана «Летопись Карчи. Булгаро-Хазарское летопись» атты кітапша түсті. Қазак тілінен аударатын болсақ, «Қарчи жылнамасы. Булгар-Хазар жылнамасы» деп аталады. Шежіре түркі тілінде (хазар тілі болу керек) жазылған. Бұл тарихи шежіреде түркілердің көне дәуірінен ортағасырларға дейінгі тарихы қамтылған. Шежірені орыс тіліне аударып, жариялаған Алан Глаш атты зерттеуші. Ол бұл тарихи шежірінің азғана бөлігін аударып жариялаған. Қолжазба қарашибайлардағы Хасановтар әuletінде екі нұсқада сақталған. Бірі грек алфавитімен, екіншісі араб алфавитімен жазылған. Грек алфавитімен жазылған шежіре – Ботай жылнамасы деп аталған. Екіншісі Ботайдың ұлы – Барлыу жылнамасы деп аталған. Ботайдың шежіресі, өкінішке орай, Магомед Хасановтың қолжазбаны Ленинградқа мамандарға апарған кезінде, апарушы кісінің өлімімен бірге жоғалып кетеді. Екінші қолжазба – Барлыу жылнамасын XV ғасырда араб жазуымен қайта көшірген кісінің аты – Бантау Толгун Чаушегір. Осы қолжазба 1994 жылы Черкесскі қаласында басылып шығады. Міне сол қолжазбадан бірнеше тарауын орыс тіліне аударып бастырған Алан Галаш [1, 3 б.]. Міне, осы Барлыу жылнамасынан біз «нақ» жүрнағының мағыналық мәнін ашуға мүмкіндік алдық. Жылнама былай басталады: «Мой отец Ботай, сын Казакы, знал хазарскую, греческую и арабскую грамоту. Отец научил меня хазарскому и греческому письму. Мы жили в Крыму, на маленькой хазарской земле в крепости Карасуу. Относимся к крымчанам (крымцам) из племени хазар. Я прочитал летописи моего отца на хазарском языке. Представляю вам хазарскую летопись составленную по записям отца. В древние времена страна тюрков (тинсир) состояла из семи княжеств со своими вождями» [1, 9 б.]. Осы жеті хандықтың бірінің аты – Казманак хандығы. Осы «Казманак» атауындағы «нақ» жүрнағы мен Қарнақ атауындағы «нақтың»

### **3.3. Жандарбек. Қарнақ атауына қатысты жаңа деректер.**

---

ұқсастық, жай ұқсастық па? Әлде мағыналық байланыс бар ма? Міне, осы сұраққа жауап берер болсақ, онда Түркістан өңіріндегі «нақ» жүрнағы бар көне қалалар мен елді мекендер атауының мәнін аша аламыз. Және бұл «нақ» жүрнақты атаулар Карчи жылнамасында бір мағына берумен шектелмейді. «Нақ» жүрнақты сөздер тек, елді мекеннің, жердің атын білдіріп қоймайды, елдің, жүрттың атауына, рутайпалар атауына жалғасатынын көреміз. Мысалы, ақжарту печенегтері (бажанақ) немесе Журанақ хандығы. Қазманақ хандығы. Ру-тайпа аттарына жалғанған «нақ» жүрнағы бар сөздерге бажанақ (печенег) тайпасының атын мысал ретінде көрсете аламыз. «Нақ» жүрнақты рутайпа аттары тек, Карчи жылнамасында емес, қазақ шежірелерінен де кездестіре аламыз. Мысалы, ұлы жұз құрамындағы жалайыр тайпасы Сырманақ, Шуманақ деген екі бірлестіктен тұрады [2, 40–41 бб.]. Ал, арғын тайпасының Сүйіндігінен тарайтын Шоманақты да осы «нақ» жүрнақты сөздер қатарына жатқыза аламыз. Бұл туралы қазақ ақындарының:

Мәжікпен бір туысқан Ер Шоманақ,  
Қойыпты Құлболдыны құдай қалап, –

деген өлең жолдары Шоманақтың қазақ шежіресінде орны болғандығын көрсетеді. [3, 21–22 бб.]. Бұл «нақ» жүрнақты ру-тайпа атауларының түркі халықтарына ортақ екендігінен хабар береді.

Ал, елді мекен, қала атауларына келетін болсақ, мұнда да ортақтық барлығын көре аламыз. Карчи жылнама деректерінде де «нақ» жүрнағы мемлекет, ру, тайпа аталарында ғана емес, сонымен бірге, қала атына да байланысты қолданылатынын көруімізге болады. Мысалы, жылнамада печенегтердің «Базынақ» атты қаласы барлығы айтылады [1, 31 б.]. Ол жер қазіргі күні Балкарияда Бызынақ деп айтылады еken [1, 31 б.]. Бұдан басқа карачай жерінде Кармақ атты қорғаны барлығы жазылған [1, 21 б.]. Ал, Әзербайжан Республикасының құрамындағы Ван көлі жағасына орналасқан Нахичеван қаласының аты да осы «нақ» жүрнағымен байланысты құрылған қала аты екендігін көреміз. Бұл қаланың аты «Нақтан» басталып тұр. «Нақтан» кейін жалғасып тұрған «че» кішірейткіш жүрнақ екенін көруімізге болады. Ал, «ван» атауы болса, «Ван» көлінің аты. Енді осы Нахичеван қаласының атауын қазіргі біздің тілімізге аударап болсақ, онда «Ван жағасындағы қалашық» болып аударылар еді. Демек, түбір сөздерге жалғанған «нақ» жүрнағы қала-қалашық деген мағыналарды беріп түрғандығын көреміз. Олай болса,

Қарнақ атауы да қалаға берілген атау екендігін көруімізге болады. Егерде осы атаулардың барлығын салыстыра қарайтын болсақ, онда кезінде Хазар мемлекеті құрамында болған түркілердің Түркістан түркілерімен байланысты болғандығын, шығу тегі бір екендігін аңғартады.

Ендігі кезекте түркілердің Кавказ бен Шығыс Европага, Дон мен Днепр аралығына қашан және қай кезеңдерде барғандығы туралы мәселелерге тоқталуымыз керек. Олай дейтініміздің басты себебі мынада. Қазірге дейін түркілердің шыққан жері – Монгол үстірті, Алтай. Түркілер Кавказ, Шығыс Европа жері түгіл Орта Азия жерінде түркілер болған емес, бұл жерлерді иран тілдес халықтар мекендейген деген тұжырым қалыптасып, бізді мойындағы қойған. Өкінішке орай, біздегі тарих ғылыми осы тұжырымды толығымен мойындауды және қазақ халқы автохтонды халық емес, өзгелердің жерінде өмір сүруде деген түсінікте. Мысалы, тарихши-этнограф Н. Масанов былай деп тұжырымдайды: «Сторонники миграционной теории считают, что предки казахов были недавними мигрантами и довольно поздно пришли на территорию Казахстана, а сам казахский народ не имеет никакого отношения к древним насељникам региона и не ведет свое происхождение от индо-иранского субстрата. Этую точку зрения так или иначе вот уже на протяжении более 200 лет поддерживает большинство исследователей» [4, 58 б.]. Шындығында солай ма? Әлде евроцентристік таным негізінде қалыптасқан осы тұжырымды жоққа шығаратын тарихи деректер бар ма? Осы сұрақтарға жауап беру – қазіргі отандық тарих ғылымының алдында тұрған ең өзекті мәселелерінің бірі десек артық айтқандық емес. Егерде осы сұрақтарға бүгінгі күні жауап берілмесе, ертеңгі күні кеш болу ықтималдығы, өз жерінді, өз Отаныңды менікі деп айта алмай қалу ықтималдығы бар. Олай дейтініміз – Палестина жерін екі мың жылдан кейін келіп, еврейлердің арабтардан тартып алуы – ондай ықтималдықтың барлығын жоққа шығармайды. Ал, Әзербайжан Республикасының көнеден келе жатқан жері Қарадағты Арменияның Ресейдің көмегімен азербайжандықтардан тарып алғандығы біздің бүгінгі тарихымыз. Сондықтан бұл сұрақтарға күні бүгін жауап берілуі керек. Оған бір гана Қазақстан ғалымдары емес, барлық түркі республикаларының ғалымдары бас біріктіре отырып жауап бергені абзal. Ол үшін осы «Карча жылнамасы» сияқты дереккөздерін негізге алғанымыз дұрыс. Біздің бұл сөзіміздің жалған ұран емес, нақты тарихи негізі барлығын біз осы мақала шенберінде сөз еткелі отырған «Карча

### **3.3. Жандарбек. Қарнақ атауына қатысты жаңа деректер.**

---

жылнамасындағы» деректер толығымен дәлел бола алады. Жылнаманың аударылған бұл бөлігінде ондай деректер бар. Олар сыйза түрінде берілгендейтін оларды мысал ретінде көрсету киындығы бар. Есесіне, осы жылнамадағы оқиғаларға берілген түсініктемеде бұл мәселе тереңірек қозғалған. Онда былай делінеді: «В первой главе летописи сообщается, что в очень древние времена страна пратюрков состояла из семи княжеств, которые в свою очередь делились на восточные и западные. ... Страна подразделялась на западных и восточных тюроков. Однако это не те тюрки Великого кафана, о которых писали Гумилев и другие историки (VI-IX вв.). Речь идет о событиях, происходящих еще до нашей эры. Некоторые племена, указанные в летописи, вообще не известны в истории. ... племена именуются по названию рек Грузии. Тюркские племена упоминаются там еще во времена Александра Македонского» [1, 33–34 бб.].

Енді осы деректерге талдау жасайтын болсақ, онда мынаған көзіміз жетеді. Кавказ бен Шығыс Европа жерінде түркілер біздің дәуірімізге дейінгі VI ғасырда өмір сүрген болса, онда түркілердің Ата жұрты Моңғол үстірті мен Алтай болуы мүмкін емес. Керісінше, түркілер Шығыс Европада да, Монгол үстірті мен Алтайда да бір мезгілде қатар өмір сүрген деп айтуымызға болады. Кавказ жерінде түркілердің көне дәуірден бері өмір сүретінін өзге жазба деректер де дәлелдейді. «Карча жылнамасын» жарыққа шығарған Алан Галаш мынадай деректерді келтіреді: «В летописи Леонтия Мровели «Жизнь картийских царей» говорится: «И видя этих наследников вокруг реки Куры, жестокие языческие племена, каковых мы называем бунтурками и кипчаками...». В комментариях к летописи пишется: «Бунтурки – так и древне грузинских источниках именуются древнейшие жители Картли». «Бун» по-персидски означает коренной». Значит, тюрки жили там еще до вторжения Македонского» [1, 34 б.].

Бұл деректер түркілердің Кавказ бен Шығыс Европа далаларында біздің дәуірімізге дейінгі замандардан көп бұрын болғандығын дәлелдейді. Демек, бұл түркілердің көне заманнан бері Евразия кеңістігін мекендеген негізгі халық болғандығын дәлелдейді. Сонда түркілердің негізгі шыққан Ата жұрты қайда? – деген занды сұрақ туындаиды. Ендігі кезекте сол сұраққа жауап беріп көрелік.

«Карча» жылнамасындағы деректер Түркістан мен Шығыс Европага тараған көне түркі тайпалары арасында байланыстың барлығын «нақ» жүрнақты жер мен ру, тайпа, мемлекет атаулары көрсетті. Бұл жүрнақтардан басқа да сабактастықтың барлығын тіл, дін

сияқты факторларды салыстыра отырып та табуға болады. Біз оны сол Солтүстік Кавказ бен Дунай өзеніне дейін тарағып жатқан түркі халықтарының тілі мен діни таным негіздерін талдай отырып көз жеркізе аламыз. Мысалы, карачай-малқар халқының Тәңір дінінде болғандығын олардың діни сеніміндегі Тәңірге қатысты элементтерден көруімізге болады. Сонда Тәңір діні қай дін, негізгі орталығы қайда? - деген заңды сұрақ туындаиды. Ол сұраққа біз «Оғыз-нама» дастанын талдағанда толық жауап берे аламыз. Енді сол деректерге кезек берейік.

Рашид ад-дин «Жылнамасында» Оғыз қаған туралы мынадай деректер бар: «Абулджа ханның Диб-Бакый деген ұлы болды. Ол өз әкесінен күшімен де, құдіретімен де, билігімен де жоғары дәрежеге қол жеткізді. Оның төрт ұлы болды: Қара хан, Ор хан, Көз хан, Гур хан. Бұл халықтың барлығы дінсіз болатын. Қара хан әкесінің тағына ие болды... Оның бір ұлы дүниеге келді. Ол үш күнге дейін анасының емшегін ембеді. Осы себептен анасы жылап, ғибадат жасады. Анасының түсіне ұлы келіп, «Егер сен бір шын жаратушыға мойынұсынатын болсан, мен сенің сүтінді емемін» - деп аян береді. Анасы Қараханнан да, халықтан да жасырып, бір жаратушыға мойынұсынады... Осылай Оғыздың дүниге келумен шынайы хақ дін де дүниеге келеді. Оғыз ержеткен соң Қара хан інісі Көз ханның қызын айттырып, құда түседі. Оғыз қызға бір жаратушыға мойынұсынасын деп шарт қойды. Қыз қабыл етпеді. Бірақ үйленді. Баласының әйелін ұнатпайтынын көрген Қара хан Гур ханның қызын айттырып, алып берді. Оғыз ол қызға да осындаи шарт қойды. Ол да қабыл етпеді. Ұлының бұған да көңлі толмағанын көрген Қара хан енді Ор ханның қызын айттырды. Оғыз хан ол қызбен үйленбей тұрып, кездесіп, мәнжайды түсіндіреді. Қыз Оғыздың талаптарын толық қабыл етіп, мойынұсынады. Оғыз бұл әйеліне зор ілтипат көрсетіп, құрметтейді. Бірде Оғыз серіктерімен аңға шығып кеткенде, Қара хан үйінде сауық кешін өткізіп, оған келіндерін де шақырады. Сөйтіп, келіндерінен жағдайларын сұрап, үлкен келіндеріне «Сен екеуің кіші келінге қарағанда сұлусындар. Бірақ сендерге ұлымның ешқандай ілтипаты жоқ. Оның есесіне кіші келін реңсіз болса да, оны өзіне жақын тартады, құрметтейді. Мұның себебі неде? – деген сұрақ қояды. Сонда келіндері өздеріне Оғыздың қойған талабын, өздерінің ол талапты қабыл етпегенін, кіші келіннің Оғызбен бір екенін айтады. Мұны есіткен Қара хан ағайын-туыстарын шақырып, кенес құрады. Оғыздың өзге дінді қабылдағанын, оны бүгін тоқтатпаса, ертең елді бұлдіретінін,

### **3.3. Жандарбек. Қарнақ атауына қатысты жаңа деректер.**

---

сол үшін оны оны өлтіру керек деген шешімін айтады. Бұл хабарды есіткен кіші әйелі Оғызга астыртын кісі жіберіп, әкесінің шешімін хабарлайды. Оғыз қасындағы серіктерімен соғыска дайындалады. Бұл соғыс жетпіс үш жылға созылып, соңында Оғыз хан жеңіп шығады» [4, 81–82 бб.].

Бұл жерде түсініксіз бір мәселе бар. Қарахан Абулджа ханның тікелей немересі ме, әлде одан көп кейінгі ұрпақтарының бірі мен деген сұрақ. Шындығында Қара хан Абулджа ханның тікелей ұрапты емес екен. Ол туралы Оғыз қаған туралы басқа аңыздарда Абулджа ханнан Оғыз қағанға дейін қаншама ұрпақ өткендігін көруге болады. Мысалы, «Оғыз қаған» аңызының Марданбайұлы Есқали Қонырати нұсқасында Оғыздың әкесі Қарахан Яфестің тоғызыншы ұрпағы. Бұл хандардың барлығы мәжусилік дінін ұстанғаны туралы айтылады [5, 276 б.].

Бұл Оғыз қағанның Яфестен тараған халықтарды бір Тәңірге мойынұсынуға шақырып, халықты иләһи дінге бет бұрғызған киелі тұлға болғандығынан хабар береді. Басқаша айтқанда, Оғыз қағанды Түркі даласынан шыққан пайғамбар деп тануға болады. Рашид ад-дин Шынғыс ханның да осы Оғыз қағаннан келе жатқан Тәңір дініне мойынұсынғанын жазады [4, 83 б.]. Олай болса, бұл түркілердің ұзақ ғасырлар бойына Оғыздан қалған Тәңір дініне мойынұсынып, сол дінде болғандығын көрсетеді. Осы деректерді одан ары қарай талдайтын болсақ, онда Оғыз қағанның мекендерген жері, Отаны көне Канха мен Қаратрудың екі аралығы болғандығына көзіміз жетеді.

Рашид ад-дин «Жылнамасында» Абулджа ханның тұрған жері туралы мынадай деректер келтіріледі: Абулджа ханның жайлалауды Ортау мен Қазтауда болды және осы маңайда Инандж атты қала бар еді. Ал қыстауы Бурсун, Какян, Қарақорым атты жерлерде. Осы жерлерге жақын Талас, Қары-Сайрам атты қалалар болды. Қары-Сайрам қаласы көне, әрі үлкен. Ол қаланы көргендер бір шетінен екінші шетіне жету үшін бір күн жол жүру керектігін жазады [4, 80 б.]. Орыс зерттеушісі Н. Березин Рашид ад-Дин келтірген осы деректі талдай келе, Қазтау Сырдария өзенін жағалай созылып жатқан Қаратаяу, Ортау Талас Алатауы деп есептейді [4, 80 б.].

Бұған қоса қалалар атауынан да бұл жерлердің түркілерге тән екенін байқауға болады. Жалпы бұл деректер түркілердің шыққан жері осы Сыр бойы мен Қаратаяу мен Алатау болғандығын көрсетеді. Ал Қары-Сайрам қаласы туралы дерек те түріктің тұп қазығы осы Сыр бойы болғандығын нақтылай түседі. Қары Сайрам аталған қала түрік

дүниесінің рухани тірегі болған Түркістан емес пе деген занды сұрақ туындарады. Өйткені, Оғыз қаған аңызының түріктер арасына тараған нұсқасында Оғыз қағанның астанасы «қырық қақпала Қарашық» атты қала екендігі айтылады. Туркістанның «Қырық қақпала Қарашық» деп аталуы көнеден келе жатқан атау екендігін тарихи деректер де айтақтайды. Мысалы, Молла Мұхамметсадық Сапабекұлының «Түркістандағы тарихи зиарат» атты еңбегінде Қожа Ахмет Йасаудің «қырық қақпала Қарашыққа» келгендігі жазылады [6, 126 б.]. Ал, Махмуд Қашғари «Қарашуқ Фарабтың басқа аты» дейді. Ортағасырлық араб деректерінде бұл қала «Шавғар» деген атпен белгілі. М. Қашғари сөздігіндегі топонимикалық деректермен шүғылданушы мамандар «Қарашуқ» сөзіннің «Қаратай» деген мағына беретінін айтады [8, 109 б.]. Ал, «Шавғар» сөзін қазіргі қазақ тіліне аударар болсақ, ол да «Қаратай» болып аударылады [9, 131 б.]. Олай болса, Рашид ад-Дин «Жылнамасындағы» Қары Сайрам көне Түркістан болып шығады.

Қытай деректерінде «Кангюйдің бес кіші хандығы» туралы дерек бар. Бұл деректер біз жоғарыда ұсынған тұжырымның дұрыстығын нақтылай түседі. Осы бес кіші хандықтың бірі - Сүсе деп аталады. Сүсе Сырдария өзеніне Арыс өзенінің құяр сағасынан Жаңақорған жеріне дейінгі аралықты қамтиды [10, 216 б.]. Қытай деректерінде осы иеліктегі Шы қаласы туралы мынадай мәліметтер бар: «Шы, келесі Кюша (Гейшуана) Дұмо өзенінің онтүстігінде жатыр. Кіші Кангюйге қарасты көне Сухо қаласының жері ... Онда Темір қақпа деп аталатын тау бар. Бұл жер екі хандықтың түйіскен жері. Қала алтын құлышпен жабулы. [Қалада] ғибадатхана бар. Онда әрбір құрбандық шалған сайын 1000 (мын) қой сояды. Жорыққа шығар алдында [халқы] осында келіп тізе бүгеді. Хандықта бес жұз қала бар» [11, 274–275 бб.].

ХХ ғасыр басында осы Кангюй мәселесімен айналысқан орыс зерттеушісі Г. Бронников Шы қаласы мен Сүсе хандығының бір екендігін жазған болатын. Ол: «Темендері Тхань жазбасы Сүсе иелігінің жағдайын анықтауға мүмкіндік береді. Сүсе Ұлы Хань әuletі билеген дәүірде Кангюйге бағынған болатын... Бұл иелік Тхань династиясы кезінде Сухо, одан кейін Шы деп аталды» – дейді де, ондағы ғибадатхананың бар екендігін, оған Кангюй халқының келіп Құдайға құлшылық ететінін жазады [12, 1–2 бб.].

Егерде біз А.Н. Бернштамның Кангюйдің бес кіші хандығының орналасуы туралы пікірін дұрыс деп қабылдар болсақ, онда Сүсе иелігі

### **3.3. Жандарбек. Қарнақ атауына қатысты жаңа деректер.**

---

Түркістан аймағына сай келеді. Ал Түркістан аймағында Шы қаласына Түркістаннан өзге сай келетін қала жоқ. Өйткені, оның мынадай екі себебі бар. Біріншісі, «Шы» сөзінің қазақша аудармасы – «тас». Түркістанның көне атауы Қарашұқ – Қаратай екенін біз жоғарыда айтып өттік. «Тас» пен «Тау» арасындағы мағыналық байланыс барлығын ескерер болсақ, онда қытай деректеріндегі Шы қаласының көне қырық қақпалы Қарашұқ қаласы екендігіне күмән қалмайды. Екіншіден, Шы қаласында ғибадатхананың болуы, оған Кангюй халқының әрбір құрбандық шалған сайын мың қой сойып, құрандық шалуы, әскері жорыққа шығар алдында мұнда келіп, тізе бұтуі, көне тарихта жазылып қалған болса, онда Түркістанның екінші Мекке атануы Қожа Ахмет Йасауи атымен ғана байланысты еместігін, бұл жердің көне дәуірден киелі мекен болғандығын білдіреді. Қожа Ахмет Йасаудің өзі бұл жердің киелі мекен екендігін сезген сияқты. Әйтпесе, сол дәуірдегі ірі саяси және экономикалық орталықтар болған Отырар, Сайрам, Тараз сияқты қалаларға тоқтамай көне Қарашұқ қаласына келуі көп нәрсені аңғартады.

Сонымен бірге, орыс зерттеушісі Б.И. Вайнберг «Авестадағы» көне Тұран жеріндегі барлық географиялық жер-су атауларына талдау жасай келе Канхага қатысты мынадай ой айтады: «Не совсем понятен эпитет Канхи «пресвятая», так как и «праведным» зороастрийским областям Канха и земли туранцев в целом не относились. Может быть здесь сохранился какой-то отголосок представлений о Канхе как религиозный центр туранцев, связанным именно с культом Ардвисуры» [13, 204 б.]. Ал, археолог Е. Смагулов Шавгар атауының соғды тіліндегі формасында жеткенін, соғды тілінде де «Sawgar» - «Қаратай» аталғанын және көне Канг сақтарының (турлардың) киелі орталығымен байланысты айтылғанын жазады [9, 131 б.].

Демек, бұл деректердің барлығы киелілік сипат Түркістан жерінің көнеден келе жатқан айрықша белгісі екендігін көруге болады. Сонымен қатар, Түркістан маңындағы Қарнақ, Шорнақ, Шобанақ, Ташанақ сияқты елді мекендер мен көне қалашықтар Түркістанның көне дәуірден қалған серіктес қалаларының атаулары деп түсінгеніміз абзал. Бұл атаулардың Кавказдағы түркі халықтары тарихында болған Қазманақ, Журанақ сияқты мемлекет атауларымен сабактас, мағыналас болуы Кавказ бен Шығыс Европа жеріндегі түркілердің шығу тегі көне Түркістанмен сабактас екендігін көрсетеді.

Қазір біз Оғыз қағанның өмір сүрген кезеңін дәл айта алмаймыз. Алайда, түркі тарихындағы тұлғалардың өмір сүрген дәуірлеріне

қарап, Оғыз қағанның өмір сүрген кезеңін шамалап анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, Алпамыс батырдың тарихта өмір сүрген кезеңі біздің дәуірімізге дейінгі XIII ғасыр деген болжам бар. Ал, ирандықтар Афрасияб атап кеткен Алып Ертоңға б.д.д. VIII–VII ғғ. өмір сүрген. Олай болса, Оғыз қағанның өмір сүрген кезеңі біздің дәуірімізге дейінгі XX ғасыр шамасы болуы мүмкін. Бірақ қазір тарихшылар айтып жүргендей Мөде қағанның Оғыз қаған еместігі айқын.

Оғыз қаған туралы аныздарға арнайы тоқталып, талдаудағы мақсатымыз, түркі халықтарының Батысқа да, Шығысқа да таралуы Оғыз қағаннан бастау алатынын және олардың негізгі таралған орталығы Сыр бойы болғандығын көрсету. Бұл аныздар астарында тарихи шындық жатқандығын қазіргі бізге дейін жеткен түркі халықтары құрамындағы ру, тайпалардың алғашқы топтасу кезеңі осы Оғыз қаған атымен байланысты болғандығынан көреміз. Оның үстіне Оғыз қағанның үш ұлының шығысқа кетуі, үш ұлының батысқа кетуі де құр аныз емес, негізі бар оқиға. Оғыз қаған ұлдары өздері ғана кетпей, өздерімен бірге Сырдың қоңе атын өздерімен бірге ала кетті. Оны біздің дәуірімізге дейін жеткен «Канха» атауының түркілер тараған ұлан-ғайыр аймақтың барлығынан кездесуі, бұл халықтардың түп қазығының қайда екендігін анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, қаңлы, қоңырат, кенгерес, кенегес, Алтын қаңлы, Қаңлы елі, Қанға баба, Канг-дез сияқты ру, тайпа аттары мен жер атауларының Хинган тауларынан Қара теңіздің солтүстік жағалауларына дейінгі аралықты толық алып жатыр. Бұл атаулардың барлығының «канг» деген бір түбірге байланысты екендігін көре аламыз. Бұл олардың бір кездері бір негізден тарағанын көрсетеді. Бұл атаулардың ішіндегі қаңлы, қоңырат, кенгерес, кенегес сияқты атаулар ру, тайпаларға тиесілі. Қаңылар қазақ, өзбек, қарақалпак, ногай, башқұрт халықтары құрамында бар. Қоңырттар қазақ, өзбек, ногай, қарақалпақ т.б. халықтар құрамында бар. Ал кенгерес яқұт халқы құрамындағы тайпаның аты. Кенегес өзбек, қарақалпақ т.б. түркілер арасында кездеседі. Бұл халықтардың таралу географиясына назар салар болсақ, онда бұл ру, тайпалардың қаншалықты үлкен терриорияны алып жатқанын және олардың барлығы бір негізден өрбігенін көреміз.

«Алтын қаңлы», «Қаңлы елі», Қанға баба, Қандөз деген атауларды алар болсақ, бұлардың барлығы жер атауларына қатысты екендігін байқаймыз. «Алтын қаңлы» Қытайдың солтүстігіндегі Манжурия аймағындағы Хинган тауындағы асуудың аты [6, 100 б.].

### **3.3. Жандарбек. Қарнақ атауына қатысты жаңа деректер.**

«Қанлы елі» деген жазу Маңғыстау жеріндегі «Ерсарының қайрағы» атты тасбағанда көне түркі әліпбіімен жазылған жазу. «Қанға баба» - Маңғыстауда, Каспий теңізі жағасындағы әулиелі жер аты. «Қандөз» Сыр бойындағы жер атауы. Бұл Қандөз атауы Авестадағы Сиявуш салдырыған «Канг-дез» қаласымен байланысты екендігіне күмән жоқ. Бұл атаулар арасындағы да ортақ негіз «канх» деген түбір екендігін көреміз.

Осы «канх» түбірлі сөздер сияқты «Карча жылнамасында» баяндалатын «нақ» жүрнақты қала, ру-тайпа, мемлекет атауларының Түркістан маңындағы көне қала мен елді мекендер арасындағы сабактастық та түркінің рухани бесігі болған Түркістаннан тікелей байланысы барлығын және Түркістаннан бар түріктің киелі мекені екендігін көрсетеді. Бұл түркі халықтарының түп негізі Сыр бойы деген тұжырымның дұрыс екендігін дәлелдей түседі. Және осы тарихи үдерістер басында Оғыз қаған тұрғандығына да күмән тумаса керек.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Алан Галаш. Летопись Карчи. –Нальчик: «Полиграфия», 2005.
2. Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. –Ташкент: «Узбекистон», 1994.
3. Алпысбес М. Шежіре ата-тек және рулық одактар мәселесі тұрасында//қазақ шежірелері және ұлттық таным мәселелері. –Алматы: Орт. ғылыми кітапхана. Фыл.-практ. конф. материалдары, Алматы, 08 желтоқсан, 2004. 2005.
4. История Казахстана: Народы и культуры. Учебное пособие / Масанов Н. и др. - Алматы: «Дайк-Пресс», 2001.
5. Рашид ад-дин. Сборник летописей. Т.І. кн.1. –Москва-Ленинград: Изд. АН СССР, 1952.
6. Сапабекұлы Мұхаммед Садық. Түркістандағы тарихи зиарат // Ясауи тағлымы. - Түркістан: «Мұра», 1996. 123-132 бб.
7. Чорорев Г.К. Топономические данные Махмуда Кашгари /XI в./ и миграция тюрков раннего средневековья// Проблемы истории и культуры народов Средней Азии и стран заубежного Востока. -Ташкент: ФАН. 1991.
8. Смагулов Е., Тұяқбаев М. Түркістанның ортағасырлық тарихы. -Түркістан: «Мирас», 1998.
9. Бернштам А.Н. История Памира-Алая. –Москва: 1952.
10. Бичурин И.А. Собрание сведений о народах обитавших в Средней Азии в древние времена. Т.II. –Москва-Ленинград: Изд. АН СССР, 1953.
11. Бронников Г. Кангюй, Канглы или Кан, юечжи. –Москва: 1914.
12. Вайнберг Б.И. Этнография Турана в древности VIII в. д.н.э. - VIII в. н.э. –Москва: Вост.лит., РАН, 1999.

#### **REFERENCES**

1. Alan Galash. Letopis Karchi. –Nálchik: «Poligrafia», 2005.
2. Sádibekov Z. Qazaq shejiresi. –Tashkent: «Ýzbekiston», 1994.
3. Alpysbes M. Shejire ata-tek jáne rúlyq odaqtar másselesi týrasynda//qazaq shejireleri

- jáne ulttyq tanym máseleleri. –Almaty: Ort.Ýylymı kitaphana. Ýylymı-praktikalyq konf. materialdary, Almaty, 08 jeltoqsan, 2004. 2005.
4. Istorija Kazahstana: Narody i kultury. Ýchebnoe posobie / Masanov N. i dr. –Almaty: «Dark-Press», 2001.
  5. Rashid ad-din. Sbornik letopisei. T.I. kn.1. –Moskva-Leningrad: Izd. AN SSSR, 1952.
  6. Sapabekuly Muhammed Sadyq. Túrkistandaǵy tarnıhi ziarat // Iasaýı taǵlymy. –Túrkistan: «Mura», 1996.
  7. Chororev G.K. Toponomicheskie dannye Mahmýda Kashgari /HI v./ i migrasía túrkov rannego sredneveková// Problemy istorii i kultury narodov Srednei Azii i stran zaýbejnogo Vostoka. –Tashkent: FAN. 1991.
  8. Smagýlov E., Tuiaqbaev M. Túrkistannyń ortaǵasyrlyq tarhy. –Túrkistan: «Miras», 1998.
  9. Bernshtam A.N. Istorija Pamira-Alaia. –Moskva: 1952.
  10. Bichýrin I.A. Sobranie svedenii o narodah obitavshih v Srednej Azii v drevnie vremena. T.II. -Moskva-Leningrad: Izd. AN SSSR, 1953.
  11. Bronnikov G. Kangúi, Kangly ili Kan, iýechji. –Moskva: 1914.
  2. Vainberg B.I. Etnografia Týrana v drevnosti VIII v. d.n.e. – VIII v. n.e. –Moskva: Vost.lit., RAN, 1999.

### Özet

Bu makale, Kafkasya'daki Karaçay halkın, henüz genel bilim camiası tarafından bilinmeyen hikayesini anlatan "Karcha Chronicle" adlı tarihi esere dayanmaktadır. Karnak, Shobanak ve Türkistan yakınlarındaki diğerleri. Antik kentlerin ve yerleşimlerin adları da Kafkasya Türklerinde mevcuttur ve aralarında anlamsal bir süreklilik ilişkisi vardır. Bu bilgiler doğrudan Türklerin ortak tarihi ile ilgilidir. Ayrıca bu çalışmada Türkistan topraklarının kutsallığının nedenleri ve Türklerde semavi din meselesi ile bu dinin peygamberi Oğuz Kağan da ele alınacaktır.

**Anahtar kelimeler:** Karcha annals, Türkistan, ilahi din, Oğuz kagan, antik kent  
**(Zhandarbek Z. Karnak Adı Hakkında Yeni Bilgiler)**

### Аннотация

Эта статья основана на историческом труде «Летопись Карча», которая еще не известна широкому научному сообществу и рассматривается история карачаевцев на Кавказе, а также прояснить его отношения с Туркестаном. Данные направлены на выяснение того, что названия древних городов и поселений вблизи Туркестана, таких как Карнак и Шобанак, также встречаются среди турок на Кавказе, и между ними существует семантическая преемственность, которая напрямую связана с общей историей турок в целом. Кроме того, были рассмотрены причины священного названия земли Туркестана, божественной религии и пророка этой религии Огуз Каған.

**Ключевые слова:** Летопись Карча, Туркестан, божественная религия, Огузский каған, древний город  
**(Жандарбек З.З. Новая информация об имени Карнак)**

### S. Demirbilek

Dr. Öğr. Üyesi, Ondokuz Mayıs Üniversitesi, Fen-Edebiyat Fakültesi, Türk Dili ve Edebiyatı Bölümü, Samsun, Türkiye ([salihd@omu.edu.tr](mailto:salihd@omu.edu.tr))

### *Nehcü'l-Ferâdîs'te Hz. Yûsuf Kissası*

#### Özet

*Nehcü'l-Ferâdîs* Kerderli Mahmut tarafından kaleme alınmıştır. Eser Harezm Türkçesi dönemine aittir. *Nehcü'l-Ferâdîs* Türk dili tarihi için pek çok yönden önemlidir. *Nehcü'l-Ferâdîs*, Harezm Türkçesini en iyi yansitan eser olarak kabul edilmektedir. Onun bir başka özelliği de Türk edebiyatında yazılmış ilk kırk hadis kitabı olmasıdır. *Nehcü'l-Ferâdîs*'te kısa bir hikâye olarak yer alan Kissa-i Yûsuf'a akademik çalışmalarda pek degenilmemiştir. Bilindiği üzere Türk edebiyatında yazılmış ilk Kissa-i Yûsuf, Rabgûzî'ye ait olan Kîsasü'l-Enbiyâ adlı eserin içindedir. Bu eser Harezm Türkçesi ile kaleme alınmış ilk eserdir. *Nehcü'l-Ferâdîs*'te bulunan kısa Kissa-i Yûsuf ise, aynı zamanda Türk edebiyatında bilinen en eski ikinci Kissa-i Yûsuf'tur. Bu kıssa, eserin dördüncü bölümünün ikinci faslı olan "Allah'tan uzaklaştıran ameller" faslında geçmektedir. Bu çalışmada *Nehcü'l-Ferâdîs*'te geçen Kissa-i Yûsuf tanıtılmaktadır.

**Anahtar kelimeler:** *Nehcü'l-Ferâdîs*, Kissa-i Yûsuf, Kîsasü'l-Enbiyâ, Yûsuf u Züleyha, Zina.

### S. Demirbilek

Dr., Ondokuz may University, Faculty of Arts and Sciences, Department of Turkish language and literature, Samsun, Turkey ([salihd@omu.edu.tr](mailto:salihd@omu.edu.tr))

### The Story of the Prophet Yûsuf in Nehcü'l-Ferâdîs

#### Abstract

*Nehcü'l-Ferâdîs* was written by Kerderli Mahmut. The work is one of the works of Harezm Turkish period. The work is important for the history of the Turkish language in many ways. *Nehcü'l-Ferâdîs* is accepted as the work that reflects Harezm Turkish best. Another feature of it is that it is the first forty hadith book written in Turkish literature. There is a short story named as Kissa-i Yûsuf in *Nehcü'l-Ferâdîs*, which is not mentioned much in academic studies. Another important aspect of *Nehcü'l-Ferâdîs* is that it contains Kissa-i Yusuf. As it is known, the first piece written in Turkish literature is Kîsasü'l-Enbiyâ by Yusuf Rabgûzî. This work was also written in Harezm Turkish. This work is the oldest known work written in Harezm Turkish. There is a short Kissa-i Yûsuf in *Nehcü'l-Ferâdîs*. This story is the second oldest Kissa-i Yûsuf known in Turkish literature. It takes places in the second chapter of the fourth part of the work, the deeds that move away from Allah. In this study, we focused on the introduction of Kissa-I Yusuf in *Nehcü'l-Ferâdîs*.

**Key words:** *Nehcü'l-Ferâdîs*, Kissa-i Yusuf, Kîsasü'l-Enbiyâ, Yusuf u Züleyha, Adultery.

### Giriş

X. Yüzyıldan itibaren Türklerin İslam'a girmeye başlamasıyla birlikte Orta Asya'dan Ön Asya'ya göçleri de hızlanmıştır. Özellikle Bağdat'ta ikâmet eden Sünnî İslâm halifesinin telkinleri ile bu göçlerinin sonucu Türkler, İslâm sancaktarlığını üstlenmek gibi kutsal bir misyona sahip olmuşlardır. Merv merkezli Büyük Selçuklu devleti ile bu misyonun siyâsî çatısı tamamlanmıştır.

